



№1(1360)
29 қаңтар
2008 жыл

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



Т.А.КОЖАМКУЛОВ,
ректор КазНУ им. аль-Фараби

ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ развития КазНУ им. Аль-Фараби за 2001-2007 гг

(Оканчание. Начало в предыдущем номере).

I. УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКАЯ РАБОТА

Значительные успехи достигнуты в учебно-методической работе.

В феврале 2006 года университет прошел государственную аттестацию и подтвердил право на осуществление образовательной деятельности по 396 специальностям бакалавриата, магистратуры, аспирантуры, докторантуры, в т.ч. Ph.D. Наблюдается устойчивый рост качественных и количественных показателей.

В апреле текущего года в республике была начата оптимизация сети вузов. Государственной проверке подвергались все вузы страны без исключения и результаты были обнародованы МОН РК. Установлено, что образовательная деятельность КазНУ им. аль-Фараби осуществляется в полном соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

В 2002 году был создан новый Институт повышения квалификации, с уникальным статусом, не имеющего аналога в

стране. Площадками повышения квалификации служили все учебные и научные подразделения университета. В нем прошли обучение 2 522 преподавателя из 46 вузов Казахстана.

Университет является учебно-методическим центром по 66 гуманитарным и естественнонаучным специальностям для вузов республики. Если, в 2001 г. только 25% дисциплин было обеспечено типовыми учебными программами, то сегодня все 100% (2 582 программы).

Существенно пополнился и фонд научной библиотеки.

Конкретные результаты свидетельствуют о высоком уровне учебного процесса.

Достигнуто 91 процентное трудоустройство выпускников.

Ежегодно самые лучшие студенты становятся стипендиатами именных и Президентских стипендий.

Победителями республиканского конкурса «Лучший преподаватель вуза» в 2005 году стали 26, в 2006 году – 35, рекомендовано на конкурс в 2007 году – 99 сотрудников.

(Продолжение на стр. 3)

ОҚУ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІНЕ ОҚЫТУШЫЛАР ОЙ ҚОСҚАН ОТЫРЫС

«Өзге емес, өзін айтам өз жайымды» дегендей, 2008 жылдың 24-25 қаңтарында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттің оқытушы-профессорлар қауымының «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті және жаңа Қазақстанның білім беру стратегиясы» тақырыбындағы дәстүрлі 38-ші ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті.

Ел дамуының шешуші басымдықтарының бірі қазіргі жоғары сапалы білім мен ғылым болып табылады. Заманауи білім беру Республиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ажырамас бөлігі, аймақтық және әлемдік деңгейде абыройлы орынға иеленудің кепілі екені даусыз. Білім беру сапасына, білім беру үдерісінде жаңа технологиялар мен

дыландыруға үлкен мән беріліп жүргені белгілі. Ал Қазақстандық кәсіби білім берудің шаңырағы биік болсын десек, отандық жоғарғы оқу орындарын – оны құрайтын уықтарды нығайту керектігі анық. Осыны ескерген конференция жұмысында университеттің білім беру қызметін дамытудың басымдықтары да қарастырылды. Бұл жерде біріншідің, бізге әрине

беру қызметін дамыту мен жанар-тудың жаңа кезеңіне аяқ бастық. Қандай шаралар жүзеге аспақ?

Үшіншіден, білім берудің жаңа технологияларын, инновациялық әдістерді енгізу және жоғарғы кәсіби білімнің мазмұнын жетілдіру арқылы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

Төртіншіден, студенттерді білім алу траекториясын тандау, әдебиет көздерімен жұмыс істеу, СӨЖ (МӨЖ) орындау барысында өз бетінше көбірек еңбектенуге және әр түрлі практикалық машықтарды игеруге дағдыландыру.

Бесіншіден, мамандар даярлаудың үш деңгейлік жүйесіне көшудегі жинақталған тәжірибені ортаға салу және талқылау. Енді



инновациялық әдістерді қолдану мәселелеріне, әрбір нақты адамның қабілеті мен мүмкіншіліктерін ескеру арқылы білім беруді жеке адамға бейімдеуге, білім алушыларды білімін өмір бойы жетілдіріп отыруы қажет деген пікірге дағ-

сапа керек. Себебі бүгінгі еңбек нарығының талаптары да ойыншық емес. Ендеше бәсекеге қабілеттілік ұғымы қазірде барлық салада сұранысқа ие.

Екіншіден, Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының білім

келесі қолдың бас бармағын бүксек, яғни алтыншы кезекте жастарды тәрбиелеудің түрлері мен әдістерін, олардың дене тәрбиесін жетілдіру және т.б.

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІ САНДА

Дәстүрлі спорт
Әззасы



2-бет

Ана тілінің
ертеңі не
болмақ?



6-бет

Жасампаз
жастармен
жаңарған
Қазақстан



7-бет



■ Салауаттылық

Дәстүрлі спорт додасы

15 қаңтар қос мерекемен басталды. Қазулықтар қарашанырақтың туған күнін денсаулық мерекесіне айналдырды. Бұл жолы да жылдағы дәстүрмен спорт кешеніне студенттер емес ұстаздар қауымы жиылып, «Бірінші байлық – денсаулық» екеңін тағы бір рет еске алды.

Әр факультет құрамасын жасақтап, сап түзеп, сакадай сайланды. Мұны көрген ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Купчишин Анатолий Иванович те: «Дені саудың жаны сау». Достық жеңсін, шынайы мықтылар топ жарып шықсын», - деген тілегін білдірді. Салтанатты ашылудан тараған ұс-

түрін қамтыды. 15-25 қаңтар аралығында өткен «Денсаулық» спартакиадасы Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті мен «Парасат» кәсіподағының ұйымдастыруымен профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен аспиранттар арасында дәстүрлі түрде жалғасын табуда. Биыл 36-



таздарымыз бір-бірінен қай спорт түріне тандағандарын сұрастырып, мез-мейрам болып жатты. Атап өтсек жарыс мини-футбол, шахмат, волейбол (өйелдер және ерлер арасында), үстел үстіндегі теннис, бадминтон сияқты спорттың алты

жарыстың мақсаты – осы оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен аспиранттары арасындағы денешынықтыру-сауықтыру және спорттық-көпшілік жұмыстарды жақсарту, олардың денсаулық-

тарын нығайтып, салауатты өмір салтына бейімдеу. Жарысқа әр факультетпен қатар қауіпсіздік қызметі, әскери кафедра, колледж өз командаларын жасақтады. Барлығы 17 құрама, 670 адам қатысты Жалпы құрамалық есепте

14 ұпаймен химия факультеті топ жарып алға шықты. Ал екінші орын механико-математика, үшінші орын – физика, төртінші орын – философия-политология факультеттерінің қанжығасында. Жеңімпаз атанған факультет командалары «Парасат» кәсіподағының атынан мақтау қағаздарымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

«Университетіміз салауаттылық өмір салтын насихаттауға аса мән береді. Жабдықталған, жасақталған спорт кешеніміз бар. «Қазақстан 2030» стратегиясының басым бағыттарының бірі салауатты өмір салтын қалыптастыруда өз үлесімізді қосып келеміз. Оқытушылардың дене шынықтырумен айналысуына барлық жағдай жасалған», - деп атап өтті «Парасат» кәсіподағының басшысы Мұқашева Мәншүк Тынышқалиқызы. Елбасымыз Жезқазғанда өткен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі талқыланды форумда: «Қызметкерлердің құқығын қорғауда, қолайлы еңбек жағдайын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын қалыптастыруда іскер де ұйымшыл, бастамашыл кәсіподақтың маңызы зор», - деп орынды атап өткен еді. Ендіше осындай игі шаралар қатары көбейе берсін. Себебі, «өзгенің бақытын аялап жүрген» ұстаздарға уақытымызды аямай қызмет ету – игілікті іс.

Жанар ДӘУРЕНБЕКОВА

■ Конференция

Оқу мен оқыту мәселесіне оқытушылар ой қосқан отырыс



(Соңы. Басы 1-бетте).

Көтерілген тақырыптар келекеле түйеге жүк болар келелі мәселелер. Себебі әлемдік білім беру кеңістігіне енгенімізге көп уақыт өткен жоқ. Елдегі білім саласындағы өзгерістер білім алушыларды былай қойғанда оқытушылардың өзіне таңсық.

Конференция жұмысы кезінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы және мамандар даярлаудың сапасын жақсарту мәселелері тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Отырысқа қатысуға университеттің оқытушы-профессорларынан және Республиканың өзге жоғарғы оқу орындарынан 390 тапсырыс келіп түсті. Өйткені оқытушылар үшін білім беру мәселелерін қозғаған

конференцияның беделінен бұрын берері көп. Ашылу салтанатында сөз алған университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов қатысушыларды құттықтай отырып, сапалы білім бәсекеге қабілеттіліктің негізі екенін атап өтті. Конференция алғашқы бойынша жұмыс жасалды. Басқосудың пленарлық мәжілісінде университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Ж.Д. Дөдебаевтың «Қазақстанның дамуының жаңа кезеңі және білім беру қызметін жетілдіру қарқынын жеделдету» тақырыбындағы баяндамасы, химия және шығыстану факультеттері декандарының, сондай-ақ кафедра менгерушілерінің баяндамалары оқылды.

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

■ Дайджест

Біз бағындырған биіктер

Ескі жылды зор жетістіктермен шығарып салған оқу ордамыз жаңа жыл табалдырығын да үкілі үміттер мен бұрынғыдан да биік белестерге қол созумен аттады. Бетке алған бағытымызды бағдарлау үшін өткен күнге оралудың, барымызды саралаудың маңызы зор.

Осы орайда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә. Қожамқұловтың еліміздегі жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы, білім берудің дүниежүзілік стандарттарына бейімделу жағынан оқ бойы озық тұрған білім ордасындағы заман талабына сай жаңашыл үрдістер туралы кең ауқымды мақаласы «Известия Казахстана» газетінде (28.12.2007) «Конкурентоспособное образование в действии» деген атпен жарияланды. Сонымен қатар бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да атқарылып жатқан әр саладағы жұмыстар университет басшысының «Егемен Қазақстан» газетіндегі (22.01.2008) «Сапалы білім – бәсекеге қабілеттіліктің негізі» атты мақаласында лайықты көрініс тапты.

«Айқын» газетінің (25.01.2008) «Ақ сөйле!» айдарының аясында Тіл және тәрбие жұмысының проректоры Н.О. Омашевтың университеттегі жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі тың ізденістер, жана бастамалар туралы «Тәрбие

жұмысының нәтижелі болуы жүрекке жол табуға байланысты» атты өзекті тақырыптарды қозғаған сұхбаты жарияланды. Онда жоғарғы мектепте тәрбие жұмысын тиімді жүргізудің тұжырымдамалық негіздері жасалынған.

Оқу ордамыздың туған күніне орай «Парасат» кәсіподағының ұйымдастыруымен өткізілген профессор-оқытушыларымызды салауатты өмір салтына бейімдеуге арналған дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы да бұқаралық ақпарат құралдарында лайықты көрініс тапты. Ол туралы Қазақ ақпарат агенттігінің сайтында жарияланып (15.01.2008), Қазақ радиосынан (15.01.2008) оқылды, «Астана» телеарнасының жаңалықтарынан (15.01.2008) көрсетілді.

Өткен жылдың соңына қарай университетімізге Үндістан ғылыми институтының материалдар технологиясы департаментінің (Бангалор қ.) басшысы, профессор Каманьо Чата Бадхай келіп, екіжақты келісім-шарттарға қол қойылған болатын. Бұл туралы ақпарат сол күні Қазақ ақпарат

агенті (26.12.2007), Қазақ радиосы (26.12.2007), «Астана» телеарнасы (26.12.2007) арқылы көпшілікке жеткізілді.

Республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында университетіміздің қоғамдағы биік беделі мен зор маңызын бедерлейтін мақалалар легі жарияланды. Олардың қатарында халықаралық қатынастар факультетінде дәріс оқып жүрген Еуропалық академия директоры, профессор, философия докторы Эккарт Штратешультеңің «Аргументы и факты Казахстана» газетіне (09.01.2008) берген сұхбаты бар. Онда шетелдік ғалым Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі білім беру деңгейінің жоғарылығын, жастардың білімге деген құштарлығы мен қабілеттілігін, әсіресе тіл үйренудегі жетістіктерін тамсана баяндайды. «Вечерний Алматы» газетіндегі (10.01.2008) Алматы қаласы Бостандық ауданының 2007 жылдағы әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына арналған есептік мақалада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аудан өміріндегі мәдени зор маңызы атап

өтіліп, онда жыл сайын құрылатын Студенттердің құрылыс отрядының жұмысына оң баға берілген.

«CASPIONET» телеарнасынан (10.01.2008) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы, профессор Ж.Қ. Таймағамбетовтың тас ғасырына арналған мұражайы туралы және ғалымның өзімен сұхбат көрсетілді.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Ким Владимир Александрұлының 85 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстан Республикасындағы өкімшілік реформалардың конституциялық-құқықтық мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция туралы ақпарат Қазақ ақпарат агенттігінде (26.01.2008), Қазақ радиосында (26.01.2008), «Алматы» телеарнасында (26.01.2008) жарияланды.

Жаңа келген жыл университетіміз үшін ауыз толтырарлық жақсы жаңалықтарға толы болғай!

Ғалия АҚСЕЙТ
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі





Т.А.КОЖАМКУЛОВ,
ректор КазНУ им. аль-Фараби

ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ развития КазНУ им. Аль-Фараби за 2001-2007 гг

(Знаменитие. Начало на стр. 1).

II. НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ И ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Сотрудники и студенты университета активно занимаются наукой. По данным Азиатского Банка Развития более 50% научно-исследовательской работы в вузах республики приходится на долю КазНУ им. аль-Фараби.

Сегодня достигнуто качественно новое состояние занятия наукой.

Это единственный вуз, где создана сеть научно-исследовательских институтов и центров, органически связанных с учебным процессом.

Объем финансирования научно-исследовательских работ с 2001 года увеличился более чем в 3 раза. Только в текущем году НИР выполнялись в рамках 293 научно-технических проектов, в т.ч., 96 по программам фундаментальных, 97 по программам прикладных, рискованных, инновационных исследований РК, 39 хозяйственных договоров с предприятиями и 61 — международный грант (совместно с зарубежными партнерами из США, Великобритании, Франции, Германии, Бельгии, Японии, Китая, Кореи, России и других стран, финансируемые МНТЦ, ИНТАС, МАГАТЭ, ТАСИС, Европейским Союзом, НАТО, Всемирным банком, ЮНЕСКО и др.).

Это не только следствие роста экономики Казахстана, но, и свидетельство высокого профессионализма, и конкурентоспособности ученых университета.

На основе международных и отечественных грантов созданы и успешно функционируют Семь научно-исследовательских институтов новой формации и научно-технологический парк, которые в соответствии с постановлением Правительства РК преобразованы в дочерние государственные предприятия.

А также в университете имеются 15 научных центров, среди которых при поддержке зарубежных партнеров были созданы:

- Центр китайского языка — Институт Конфуция.
- Казахстанско-Индийский центр информационных технологий.
- Казахско-Французский институт электронного обучения.

В этих инновационных структурах, участвуя в финансируемых проектах, и студенты, магистранты, докторанты (PhD) стали заниматься реальной наукой. Наиболее активные получают зарплату. Многие из них становятся соавторами научных работ, лауреатами и стипендиатами различных конкурсов. Например,

Кроме того, по целевому гранту МАГАТЭ впервые за последние три десятилетия университету удалось в 2005 году осуществить разрядку гамма-установок и захоронение в г.Курчатове 78 радиоизотопов Кобальт-60.

Отличительной особенностью университета является подготовка кадров высшей квалификации. Работают 24 докторских совета по 67 специальностям. Число обучающихся в докторантуре, аспирантуре и на стажировках доходило, эпизодически, до 2 000 человек. За эти годы защищены 189 докторских и 1128 кандидатских диссертаций.

Проведено 294 научных конференций, из них 177 международных,



77 республиканских и 40 межвузовских.

Наиболее выдающиеся результаты ученых университета отмечены именными и государственными премиями РК.

III. МЕЖДУНАРОДНЫЕ СВЯЗИ

Наблюдается стабильный рост международных связей.

В этом исключительную роль играет возросший международный авторитет Казахстана.

Если ранее возникали единичные случаи PhD по сэндвич-схеме (например, Е.Мустафин, А.Апамбаева, Г.Конспаева), то с 2005 года подготовка поставлена на плановую основу в рамках пилотной программы МОН РК «Требования к минимуму содержания и уровню подготовки докторов философии (PhD) в рамках экспериментальной образовательной программы», утвержденных приказом МОН РК от 22 июня 2005 года. Сейчас — 158 докторантов.

Международная стипендия Президента РК «Болашақ» активно содействует развитию человеческого капитала. Растет число стипендиатов «Болашақ», выпускников КазНУ им. аль-Фараби.

С начала 2005 года в университете успешно реализуется программа 020-111 «Привлечение зарубежных специалистов в вузы Казахстана для подготовки специалистов с высшим профессиональным и послевузовским профессиональным образованием». Свыше 150 ученых ведущих вузов мира (Великобритании, США, Турции, Польши, Японии, Франции, Германии, Дании, Голландии, Ирландии, Индии, Израиля, Австрии, Швеции, Испании, России, Финляндии, КНР, Республики Корея, Норвегии, Пакистана, Словении, Белоруссии, Литвы) посетили университет.

В зарубежных вузах-партнерах при активном содействии университета созданы кафедры, центры казахского языка, где обучаются специальные группы студентов тех стран. Это свидетельствует о возрастающем интересе к Казахстану.

Возрастающее международное признание КазНУ им. аль-Фараби отмечено высокими наградами и дипломами авторитетных организаций, среди которых Ассоциация содействия промышленности (Франция), Межгосударственная выставка СНГ (Россия), Международный деловой совет (Россия).

IV. ОБЩЕСТВЕННАЯ И ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ РАБОТА

Задачей университета является не только подготовка конкурентоспособных специалистов, но и формирование личности, гражданина нового Казахстана. Воспитательная работа поставлена на качественно новую основу, став органической частью всей деятельности университета. Она красной нитью пронизывает весь учебно-воспитательный процесс, проводится без наскоков, неформально, без показухи, целенаправленно и планомерно. И как следствие:

Студенты — постоянные участники и неоднократные победители Республиканского фестиваля студенческой молодежи «Жас толкын», высшей лиги КВН, телевизионного турнира дебатов клуба «Азамат», городского молодежного фестиваля «Алматы — арман кала» и др.

В 2001 году введен и ежегодно проводится общеуниверситетский фестиваль «Менің Қазақстаным!». Театрализованное празднование «Наурыз» стало традицией.

Во Дворце студентов им. У.А.Джолдасбекова организованы 20 кружков (оркестр народных инструментов «Фараби сазы», танцевально-хореографическая группа «Махаббат», Хор, КВН, эстрадный кружок, кружок «Жас ақын» и др.), художественной самодеятельности. Впервые самими студентами созданы Молодежный духовный центр и студенческий драматический театр «БІЗ», не имеющих аналога в вузах страны.

Одна из особых традиций университета — патриотическое воспитание, проводимое во всех подразделениях, в т.ч. на военной кафедре, имеющей мощную материально-техническую базу. Открыты именные аудитории известных политических и общественных деятелей и ученых Казахстана, а на факультете журналистики был открыт барельеф Ахмету Байтурсынову, Алихану Букейханову и Мыржақылу Дулатову.

В 2003 году в соответствии с решениями Администрации Президента РК и МОН РК в КазНУ им. аль-Фараби создан Информационно-аналитический отдел с целью анализа и координации стратегических вопросов высшей школы, реализации молодежной политики, формирования у студентов мировоззрения на основе национальных и общемировых ценностей.

В целях разъяснения и пропаганды ежегодных Посланий Президента РК Н.А.Назарбаева университет инициировал создание совместного телевизионного проекта «Президентская

аудитория» на национальном канале «Казахстан».

Активная гражданская позиция студентов и сотрудников проявляется и на всех общенародных референдумах. Например, в 2005 году на выборах Президента страны 94% обучающихся КазНУ им. аль-Фараби проголосовали за НАЗАРБАЕВА Нурсултана Абишевича.

Высоко оценил Президент страны участие коллектива и в предвыборной кампании Народно-Демократической партии «Нур Отан».

Активная общественная деятельность и персональный вклад сотрудников в социально-экономическое и культурное развитие страны, отмечены высшими государственными наградами РК.

Наиболее значимые события в формировании общественного сознания — встречи коллектива университета с Президентом Республики Казахстан Н.А.Назарбаевым, Чешской Республики Вацлавом Клаусом, Румынии Ионом Илеску, Ирана Мухаммадом Хаттами и видными общественными и государственными деятелями РК и зарубежных стран: первый заместитель Председателя Правительства Российской Федерации Д.А.Медведев, Спикер Парламента Республики Сингапур Абдулла Тармути, заместитель председателя Мажилиса Парламента РК, первый заместитель председателя НДП «Нур Отан» Б.Т.Жумагулов, Верховный Муфтий Абсаттар Қажы Дербисали, аким г.Алматы И.Н.Тасмагамбетов, видный общественный де-

строительство II-го этапа КазГУ града, включающий 14 объектов (Фундаментальная библиотека, учебные корпуса физического, механико-математического, химического факультетов, НИИ, общежития на 500 и 800 мест, Дворец спорта с плавательным бассейном, Институт Востока, Учебно-вычислительный и Административно-производственный центры, подземные паркинги и др.), с общей оценочной стоимостью — 22 млрд. тенге (- 10 млрд. тенге бюджетных и - 12 млрд.тенге средств инвестора).

За последние 5 лет из 14 общежитий, где проживают - 5 000 обучающихся, в 12 осуществлен капитальный ремонт, с полным обновлением твердого и мягкого инвентаря, трехсмешным постельным бельем, созданием компьютерных классов с выходом в Интернет (планируется завершить капитальный ремонт оставшихся двух в 2008 году).

Ежегодно во всех учебных корпусах и общежитиях ведется текущий ремонт, благоустройство университетского городка. В 2006 году по инициативе и поддержке Акима г.Алматы И.Н.Тасмагамбетова капитально отремонтирована дорога внутри КазГУ града протяженностью 5 км.

Отдельные эпизоды ремонтных работ представлены.

VI. МЕНЕДЖМЕНТ ПЕРСОНАЛА

В университете сформирован высокий профессиональный кадровый состав штатных работников.



атель, поэт Олжас Сулейменов, известный публицист и политический деятель Рой Медведев, Нобелевский лауреат Джозеф Стиглиц, представители дипломатического корпуса и многие другие.

В условиях рыночной экономики деятельность профсоюзов становится архиважной и особо востребованной. Администрация совместно с «Парасат» осуществляет значимую работу.

Спортивно-оздоровительного лагеря на озере Иссык-Куль превратился в современный комплекс для отдыха студентов и сотрудников.

Университет оказывает активную поддержку развитию массового спорта, создавая все необходимые условия и для профессионального роста «Спорт всем — здоровье каждому». На Чемпионатах Мира, Европы и Азии, Исламских играх, Международных турнирах и Кубках Мира, Всемирных университетах, Чемпионатах Казахстана и Летних универсиадах вузов РК за эти годы студенты-спортсмены завоевали:

- 169 золотых;
- 87 серебряных;
- 104 бронзовых медалей.

Талантливые студенты-спортсмены и статистика высоких результатов приведены.

Активно развивается и издательская деятельность университета.

V. РАЗВИТИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ

В университете формируется современная инфраструктура. Начато и полным ходом идет полномасштабное

В настоящее время более 3 600 сотрудников и свыше 16 000 студентов. ППС составляет 1 646 единиц, среди которых 1 000 докторов и кандидатов наук — мощное интеллектуальное ядро коллектива.

КазНУ им. аль-Фараби не только смог сохранить, но и качественно преумножить кадровый состав, пополняясь молодыми специалистами, проявляя особую заботу и ветеранам труда. Например, по ходатайству университета МОН РК специальным разрешением предоставило ведущим ученым пенсионного возраста право заведования кафедрой.

Их персональный состав утверждается Ученым советом университета.

Сегодня каждый работник университета, всецело поддерживая многовекторную внешнюю и внутреннюю политику Главы государства Н.А.Назарбаева, с высокой ответственностью выполняет свои служебные обязанности, дорожа и преумножая главные достоинства народа: стабильность; межнациональное согласие; духовность; культура и традиции, то есть всех сокровенных ценностей человечества.

Приведенные данные о деятельности КазНУ им. аль-Фараби за 2001-2007 гг. свидетельствуют не только о качественно новом этапе развития университета, но и ярко демонстрируют инновационный характер новой образовательной политики нового Казахстана.

Эпохальное событие — предоставление Казахстану председательства в ОБСЕ в 2010 году ставит новые, более высокие задачи.



Қазақтың білімі мен ғылымының қарашанырағы - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінгі күні бүкіл қала жастары үшін шын мәніндегі рухани, мәдени орталыққа айналып отыр. Заман талабына сай жастар қызығушылығын, көкейлеріндегі арман-мұраттарын тап басып тану, оны өздеріне тартымды формада жеткізу жолындағы тың ізденістер мен ұстанымдар тәрбие саласындағы жұмыстардың алға басыуына жана серпін берді. Сәт сайын өзгеру, даму үстіндегі студент-жастардың талап-сұрағамы деңгейіне лайықталып ұйымдастырылған әртүрлі шаралардың ең басты табысы - өздерінің жүрек қалауымен, ынта-жігерімен қатысатын жастар қатарының көбеюі.

Әр істегі жанашылдық, соны бас-тамалардың арқасында студенттеріміз ұлттық құндылықтарымызды ардақ тұтатын, саяси ұстанымдары мен көз-қарастары берік орныққан, қоғам өміріне белсенді араласатын азаматтар болып қалыптасуда. Университет қабырғасында отансүйіштік, елжандылық қасиеттерді бойларына мольнан сіңірген жастарымыздың бастамасы мемлекеттік деңгейде қолдауға ие болып, тарихи оқиғаға айналған кездері көп.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев университетімізде қонақта болған кезде университет ұжымы Елбасының бұл сапарына ерекше мән беріп, лайықты

көрсетіп жатқандардың студенттер екендігін хабарламағанда, жоғары дәрежелі кәсіби өртістер екендігіне күмәніміз болмас еді» деген бағасын берді.

Университет шәкірттері білім ордасында алған білімдері мен тәлімді тәрбиелерін қазірден бастап-ақ өздерінің қоғамдық-саяси қызметтерінде жарқырата көрсетуде. Олар республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының жастарға қатысты хабарларының авторлары, жүргізушілері, белсенді қатысушылары. Қоғамдық ойға қозғау салатын, жастарды дұрыс жолға бастайтын ой-



Намазалы ОМАШЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың проректоры

Ұлттық сезімді бойтұмар еткен ұрпақ тәрбиелеу – басты мақсат

түрде қарсы алуға барын салды. 1600 орындық Ә.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ине шаншар орын болмаса, оның сыртында 5000-ға жуық студент Елбасы ҚазҰУ қалашығына енген сәттен бастап жалаушалар мен ыстық лебіздерімен қарсы алды. Еліміздің тұңғыш Президенті университетіміздегі Ғылыми кітапхананың іргетасын қалауға бет алғанда аумағы атшаптырым алқапты бойлай бес-алты жерде студенттердің күшімен ұлттық нақышпағы театрландырылған көріністер қойылды. Тағы бір айта кететін жаналық – Елбасымыздың осы сапарында Студенттер сарайына жиналған профессор-оқытушылар мен студенттер арнайы ұнтаспаның көмегімен қолдарын жүрек тұсына қойып тұрып, Әнұранымызды табиғи дауыста орындауы өте әсерлі шықты. Қазір барлық жерде Әнұранды дәл осындай қалыпта орындаудың негізі осылайша ҚазҰУ жастарының бастамасымен қаланғанын айта кету керек.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің өнері өз еліміз ғана емес, көршілес Ресей елін де таңдай қақтырды. 2006 жылы Қазақстанның Ресейдегі елшілігі ұйымдастырған ірі мәдени шараға ҚазҰУ ректоры Т.Ө. Қожамқұлов бастаған делегация екі ел арасындағы достық, мәдени қарым-қатынастарды нығайтып, сол жақтағы қазақ диаспорасы мен білім қуып жүрген қандастарымызды, мүскеуліктерді ұлттық өнер нәрімен сусындату үшін аттанған болатын. Қазақстандық делегация Мәскеу төріндегі 1500 адамға арналған үлкен салтанат сарайы – Форум-холлда өнер көрсетті. Университеттің «Фараби сазы» халық аспаптар ансамблі Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйін орындап, өнерлі студенттер Нұрғиса Плендиевтің «Өз елім» әнін, Әсеттің өні «Қысметті» шықпақ, «Алтын домбыра» биін ерекше нақышына келтіріп биледі. Бұл мүскеуліктер мен сол жақтағы қандастарымызға үлкен әсер қалдырды. ҚазҰУ жастарының өнеріне тәнті болған осы кештің құрметті қонағы, Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты Александра Буратаева: «Өнер

пікірлерін, ұстанымдарын үнемі танытып жүреді. Басқа жоғарғы оқу орындарының студенттері оларға қарап бой түзейді, сондарынан ереді десек артық айтқандық емес. Себебі біздің оқу ордамыздың білім алушылары республикалық, халықаралық байқауларда үнемі алғашқы орындарды иеленіп, биіктен көрініп келеді. Бұл орайда басқа бірде-бір жоғарғы оқу орындарының студенттері қол жеткізе алмай отырған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Депутат және жастар» жобасы бойынша біздің тандаулы студенттердің жыл сайын қоғамдық көмекші ретінде іс-тәжірибеден өтуін айтсақ та болады. Қазіргі күні Жастардың азаматтық мектебі деп аталатын бұл жоба аясында белсенді студенттеріміз бір аптадай Парламенттегі халық қалаулыларымен бірге болып, елдің ертені үшін қажетті заңдардың талқылануы мен қабылдануының басы-қасында болады. Депутаттармен жеке-жеке кездесіп, олардың мемлекеттің болашағы үшін қандай жауапкершілікті арқап отырғандарын өз көзімен көріп, көпшілікке белгісіз қырларымен танысып қайтады. Бұл ел ертеніне бейжай қарамайтын болашақ ел басқарушылары үшін таптырмайтын азаматтық мектеп.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі тәрбие мен руханият жұмыстарының дұрыс жолға қойылуы қалалық деңгейде өтетін іс-шаралардың мән-маңызын арттырып, шырайын кіргізіп келеді. Жыл сайын Алматы қаласының туған күніне, «Алматы – арман қала», т.б. байқауларда, сенбіліктерде студенттеріміз маңдайалды оқу орнының шәкірттері ретінде дараланып, алғашқы тұғырлы орыннан тайып көрген емес. Университеттегі өзін-өзі басқару ұйымдары, төртіп сакшылары, «Жасыл ел», студенттердің құрылыс отрядтарының жұмыстары қала әкімшілігі тарапынан үнемі жоғары бағаға ие болып, үздік көрсеткіштер есебінде аталады. Қала Әкімі Иманғали Тасмағамбетов біздің университеттің жастарымен кездесуінде: «ҚазҰУ жастарымен кездесу мен үшін үлкен құрмет» деп мерейлендіргені бар.

Әрине, мұның бәрі айтуға ғана жеңіл болғанымен, университетте жан-жақты, кешенді түрде, үздіксіз жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жемісі. Университетке алғаш ректор болып дейін тәрбие саласындағы қолданылып келе жатқан әдіс-тәсілдерді, сүйенетін тұғырларды бағдарлай келе, жастарды тәрбиелеудің тиімді жолдарын ойластыруға, еліміздің көшбасшы оқу орны ретінде өз үлгімізді көрсетуге ұмтылды.

Бұл кезде жоғарғы оқу орындарының тарихында алғаш рет біздің университетте Жастардың рухани орталығы ашылған болатын. Рухсыз ел болмайды. Рухтан ажыраған халық тобырға айналатыны бесенеден белгілі. Шүкіршілік, біздің ұлттың рухы әр кезде биік болған. Соны жастарымыздың бойына сіңіруді ең үлкен міндет санап ашқан бұл орталық студенттердің көкейіндегісіз тап басқандай болды. Оның негізгі мақсаты – студент жастардың рухани, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру, қайырымдылық, бауырластық қарым-қатынастарды қалыптастыру, өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүріне, дініне түсінікпен қарайтын адами тәрбие беру болатын.

Жастардың рухани орталығында елге белгілі тұлғалармен кездесулер, студенттерді толғандырған мәселелер туралы пікірталастар, түрлі тақырыптағы дөңгелек үстелдер өткізіледі. Бір айта кетерлік жайт – Жастардың рухани орталығы қазіргі кезде университеттік деңгейдегі ғана емес, жалпы қала студенттерінің басын қосатын орталыққа айналғаны қуанталады.

ҚазҰУ жастарының зор қызығушылығын тудырған тағы бір жаңалық – өзгелер жаппай Батыстан келген Әулие Валентин күнін тойлап жатқанда біз

тұңғыш рет 19 мамырды Ғашықтар күні деп атап, «Қозы мен Баян күнін» өткіздік. Жыл өткен сайын бұл мереке кең қолдауға ие болып, студенттердің асыға күтетін күндеріне айналды. Сахнада сегіз қырлы бір сырлы, ұлттық киімдердің небір әсем үлгілерімен жасанған ер жігіттің ақылына көркі сай, мың бұралған аруға өз сезімін өнер тілінде жеткізіп, сөзден сурет салуына тамсанбау мүмкін емес. Сайыс шарты бойынша әділқазылар алқасы осыншама келісті жұптардың ішінен ең тандаулыларын анықтауы қажет. Мұндай мереке кезінде Студенттер сарайында ине шаншар орын болмайды. Бұл осыған дейін біздің оқу ордамыздан бастау алған «Жігіт сұлтаны», «ҚазҰУ аруы» сияқты ұлттық құндылықтарымызды жарқырата көрсететін байқаулардың заңды жалғасы. Адамдар арасындағы асыл сезімдерді аяқасты етпеуге, махаббатты қорлатпауға, тазалық, әсемдік өлеміне іңкөрлікке бастайтын бұл шараның қаншалықты маңыздылығын әркім-ақ түсінер.

Көктеммен бірге ілесе келетін шауқты мереке – Наурызда ҚазҰУ қалашығында алты қанат, сегіз қанат ақшанқан киіз үйлер тігіліп, университет ректорынан бастап студенттерге дейін ұлттық киім киініп, қазақтың ұғым-түсінігі мен салт-дәстүрінің, рәсімдерінің, ойындарының небір озық үлгілерінің басын қосатын театрландырылған көрініс қойылады. Қазақтың күйлері күмбірлеп, әндері шыркәлып, мың бұралған билері орындалып жиналғандарды ерекше көңіл күйге бөлейді. Тіпті ұлттық киім киінбеген бірді-екілі адамдар сол үшін өздерін ынғайсыз сезінетіндей ахуал орнайтындығын да жасыруға болмайды. Айта кету керек, бұл мерекені ҚазҰУ-ға қатысы барлар ғана емес, бүкіл қала жұртшылығы тамашалайды. Алғаш Студенттер сарайының іші-сыртында өткізілген бұл мерекелік шара оған қатысатын студенттердің көптігінен, жыл сайынғы концерттік бағдарлама ауқымының кеңеюінен стадионға ауыстырылды. Онда арнайы жүйрік сөйгіліктер мен «Қыз Жібектің күймесін» алдырған кезіміз де болған. Қазақтың бұрыннан қанында бар

ұлттық жадысы осы жанару, жанғыру, түрлену мерекесін бар жан-тәнімен күтіп, аңсап тұрады. Жастарымыздың бойына отансүйіштік, елжандылық қасиеттерді сіңіруде Наурыз тойының маңызы зор. Осындай шаттыққа бөлейтін ұлттық мерекеле қазақ еліне, жеріне, салт-дәстүрлеріне ғашық болмау, қадірлеу мүмкін емес.

Бес-алты жылдан бері осы ұлттық тәрбие көздерін, адамгершілік негіздерін бойларына мықтап сіңіріп жастарымыз былтырғы жылы басқа жоғарғы оқу орындарында балама жоқ «БІЗ» студенттік театрын құрды. Идеалық бағыт-бағдар сілтегеніміз болмаса, қойылымның сценаристері де, өртістері де – студенттердің өздері. Қозғайтын тақырыптары – бүгінгі күні қоғамның жгі құртына айналған есірткі, ішімдік, жезөкшелік, алаяқтық, т.б. қауіпті дерттер. Студенттердің өздері өңсөнасын ойлап тауып, сахналаған «Адаспандар!» спектаклі театрдың тұңғыш тырнақалды туындысы болды. Бұл қалың көпшілік тарапынан өте жоғарғы деңгейде аса ризашылықпен қабылданды. Қойылымда шайтанның азғыруымен адасып, қауіпті дертке шалдыққан, болашақтарына балта шабылған жастар образы аса көркем орындалғанда зал толы жұрт өре түрегеліп ұзақ қол шапалақтады. Көздеріне жас алғандар да болды. «Адаспандар!» қойылымынан кейін «(Т)ОЙ» атты драма да өз көрермендеріне жол тартты. Онда Ананы, үлкендерді құрметтеу, қадіріне жету мәселесі тартысты оқиға арқылы жүректің нәзік пернелерін шымырлата отырып жеткізіледі. Бұл театрда ойнайтын кәсіби өртістер емес, студенттер. Осыған қарамай, көтеріп отырған тақырыптарының өзектілігінен, ойындарының шынайылығынан олар өз көрермендерін қалыптастыра алды деуге болады. Ал, бастысы бұдан түйеніміз – жастардың өнер тілінде бір-біріне айтқан ақылы, көрсеткен өнегесі үлкендердің биік мінберден қайталай бергенінен мың есе өтімді, әсер ету күші орасан. Білім және ғылым министрі Ж.Қ. Түйебаевтың бұл қойылымдарды болашақта республиканың барлық жоғарғы оқу орындарында көрсету туралы тапсырмасы осыған байланысты болса керек.

Университетте жүргізіліп отырған осыншама ауқымды жұмыстардың бір ғана түйіні бар. Ол – Отанын, елін, жерін қадірлейтін, ұлттық сезімді бойтұмар еткен ұрпақ тәрбиелеу. Адам қанша жерден білімді болғанымен, бойында ұлттық нәр, халықтық ой-санадан жұрдай болса, ол да бір шіріген жұмыртқа. Сүйек тасталған жердің құлына айналады. Ал біздің мақсатымыз – Отанына адал ұл-қыз тәрбиелеу. Осы орайда жыл сайын Тәуелсіздік күніне орай «Менің Қазақстаным!» атты үш күнге созылатын фестиваль өтеді. Бұл фестивальде өр факультеттен алдын-ала үздік патриоттық өнер тұлғалары іріктеліп алынып, алғашқы күнгі гала-концертте орындалады. Биылғы жылы алтыншы рет өткізілген осы фестивальдің алғашқы күні Қазақстанның нұрлы болашағын көз алдына елестетін «2030 және 50 ел», «Мәдени мұра», «Астана-бөйтерек, Алматы - апорт», «Қазақстан - ғарышта», «Олимпиада алауы», т.б. композициялар қойылды. Бұл композициялардың ерекшелігі – өнердің барлық түрлерінің басын бір мақсатқа, ортақ идеяға жұмылдырған. Ол – ел Тәуелсіздігі мен жарқын болашағымыз.

«Адамға алдымен білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз алған білім адамзаттың қас жауы» дейді данышпан Әл-Фараби. Ең басты құндылығымыз – ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен сапалық қасиеттері, адамгершілік негіздерінің деңгейі кейінге ысыратын шаруа емес. Ол – біздің ертенгі болашағымыздың кепілі. Сондықтан да қазақтың маңдайалды жоғарғы оқу орнында жүзеге асып жатқан тәрбие саласындағы жаңашыл үрдістерді, игілікті істерді басқаларға да үлгі ретінде ұсынамыз.



Мерейтой

Ғалымның қарымды белесі

Биыл көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының доктор-профессор, дүние жүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры, Әлеуметтік-ғылымдар Академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері, 2006 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының жеңімпазы Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұлов ер жасы 60 жасқа толды.

Жер жанаты Жетісу өңірінде дүниеге келген Қалқаман Тұрсынұлы, туған жерінің шапағатындай болымысын ғылым атты сара жолға арнады. Бүгіндері кафедра меңгерушісі болып қызмет етіп жүрген ғалым әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетін 1972 жылы үздік дипломмен аяқтағаннан бері, осы университетте шетелдер тарихын зерттеумен және қазақ жастарын

білім мен ғылым пыңына жетелеумен келеді. Әсіресе, өзі жетік білетін шет тілдерінің мүмкіндігін кеңінен пайдалана, еуропалық елдер тарихының ежелгі және орта ғасырлар кезеңін зерттеуге жұмсай білуімен дараланған ғалым тұлғасы, дүние жүзі тарихында маңызды орын алатын зерттеулерді жарыққа шығарды. Оның ішінде, Еуразиялық тарихи тамырлары, Батыс пен Шығыс өркениеттерінің өзара ықпалдасуы, ғұндардың әлем тарихындағы орны, Аттила тұлғасының жаңаша сипаты, халықтардың ұлы қоныс аударуы заманындағы тарихи мәселелерінің шындығы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан ғылымының уақыт сұранысына сәйкес, профессор көзқарасында жаңаша жаңғырып, дүние жүзі тарихына оңды өзгерістер болып кірді.

Профессор Қалқаман Тұрсынұлы — тунғыш медиевист-тарихшы қазақ, Еліміздегі дүние жүзі тарихының ірі маманы саналатын ғалым есімі алыс-жақын шетелдердегі ғылыми ортаға жақсы мәлім. Қазіргі

қазақ ғылымында дүние жүзі тарихын зерттеу лабораториясын құра отырып, өзіндік мектебін қалыптастырған ғалымның жетекшілігімен докторлық, кандидаттық диссертациялар көптеп қорғалды. Сондай-ақ профессордың жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын қорғаған мамандар, еліміздің әр түрлі аймақтарында өздері де білім беру ісін ұйымдастырушылар ретінде табысты қызмет етіп жүр.

Қалқаман Тұрсынұлы шынында да әлем мойындаған ғалым. Профессор 1995 жылдан бері халықаралық грант бағдарламалары бойынша Еуропаның бірқатар елдерінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өрі Қазақстан ғылымының жетістіктерін әлемге паш етіп келеді. ГФР ғалымдарының шақыруымен қазіргі еуразиялық және әлемлік кеңістіктегі тәуелсіз Қазақстанға арналған бірқатар актілік дәрістер мен баяндамалар жасайды. 1997 және 1999 жылдары Георг Август атындағы Геттинген университетінің профессоры ретінде, ол неміс тілінде «Батыс



пен Шығыс әлемдік тарихта» атты тақырыпта дәрістер циклін оқиды. Жақында ғана профессор Германиядағы Тюбинген университетінде іс-сапармен болып, неміс тілінде дәріс оқып қайтса, қазір де халықаралық ДААД Грантын жеңіп алып, Германияда ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуда.

Шетелдер тарихын зерттеудегі Отандық ғылымның әлі де болса даму мүмкіндіктерін жолға қою, алыс-жақын елдердегі жоғары оқу орындары, ғылыми кітапханалар

және ресми құжат орталықтарымен байланыс орнату бағытында жас зерттеуші-ғалымдарға мүмкіндік жасау ғалымның кафедра меңгерушісі ретіндегі қызметі бағыттарының бірі.

Қалқаман Тұрсынұлы тарих факультетінің іргелі факультет болып нығаюына да үздіксіз ат салысып келеді. Профессор екі кезеңде тарих факультетіне басшылық жасап, декан болды. Факультетте алғаш рет аймақтық бөліктегі дара - жалпы тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғау мүмкін болған Диссертациялық кеңес ашу ісін ұйымдастырған. Тарихшы кәсіп иесін даярлайтын жаңа мамандықтар қатарын көбейтуге ат салысқан.

Ғалымның еліміздің білім беру саласына қосқан осынау ерен еңбегі Республика басшылығы тарапынан ескерусіз қалған жоқ, ол 2006 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

Ұлағатты ғалым-ұстаздың бүгінгі уақыт үрдісіндегі жаңа инновациялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Отандық ғылымды жаңа белестерге жетелеуде потенциалы зор екендігі даусыз.

Е.Т.Қартабаева, Л.Т.Исова, тарих факультетінің доценттері

Загранкомандировка ученого

Под эгидой Национального культурного центра Туркменистана «Мирас» и Министерства культуры и телерадиовещания, 5-7 декабря 2007 года в г.Ашгабаде состоялась международная научная конференция «Ниса – древний очаг развития мировой культуры» в которой приняли участие ученые из 20 стран - США, Германии, Италии, КНР, Индии, Ирана, Афганистана, Турции, Пакистана, стран СНГ и др. В числе приглашенных ученых Казахстана из КазНУ им.аль-Фараби были декан исторического факультета, профессор Таймагамбетов Ж.К. и преподаватель кафедры древней и средневековой истории Казахстана Жапашов Ж.Е.

Перед выступлением на пленарном заседании нашей делегацией от имени КазНУ туркменской стороне был вручен символический подарок, коврик с портретом аль-Фараби и книга-трилогия «Кочевники». Полученные в последние годы результаты археологической экспедиции КазНУ им.аль-Фараби характеризуют процесс заселения древним человеком восточного побережья Каспийского моря в плейстоцене. И если палеолит Мангыстау и Устюрта более или менее известен, то голоценовых памятников известны лишь единицы, за исключением Устюрта. На основании имеющихся можно сделать вывод, что основным занятием неолитических племен была охота с частой перекочевкой со стоянки на стоянку. Обнаруженные на стоянках артефакты объединяют не только условия их залегания, сходство форм, но и техника обработки орудий... Земледельческие и кочевые общины взаимно сосуществовали друг с другом. Это говорит о том, что во все времена, начиная с каменного века существовали взаимные отношения между племенами, обитателями тех или иных регионов, человеческими цивилизациями. Развивались тесные этнические, экономические и культурные связи. В силу своего географического положения приграничные районы Казахстана и Туркменистана с глубокой древности являлись одной из важнейших зон постоянных, культурных и торговых контактов между скотоводами степей и земледельцами среднеазиатских оазисов...

Немаловажное влияние на насельников рассматриваемых территорий и оказывал Великий Шелковый путь. Посредством этого

Взаимодействие кочевых и оседлых культур в древности и средневековье (на примере археологических памятников Западного Казахстана и Туркменистана)



пути древние и средневековые общества Казахстана и Туркменистана имели тесные этнокультурные связи с народами сопредельных им территории, обмениваясь различными товарами. С другой стороны, Великий Шелковый путь содействовал взаимообогащению различных культур в центральноазиатских и среднеазиатских цивилизациях.

Город Ниса, основанный в 3-ем веке до н.э., будучи столицей Парфянского государства несомненно оказывал влияние на культуру сопредельных территорий, в том числе и Казахстан. Археологические исследования проводимые нами в последние годы в Арало-Каспийском междуречье дают интересные результаты. Ныне безводные и пустынные районы плато Устюрт и Мангыстау в сравнительно недавнем времени были густо заселены человеком. Палеоэкологические

условия того времени были благоприятны для обитания. По территории Западного Казахстана, в частности по Устюрту, проходил кратчайший путь из Хорезма и прилегающих к нему районов в степи Северного Приаралья и далее. Через Устюрт в древности могли осуществляться сезонные меридиональные перекочевки. Выявление свидетельств миграций в археологических материалах очень сложно. Бесспорным свидетельством перемещения населения является наличие на объектах заимствование или наличие артефактов. В первую очередь, это выражается в керамических коллекциях, как наиболее массовом археологическом материале. Значительным отличием комплексов для отдельных районов является наличие в них оседло-земледельческих компонентов, как результат длительного и тесного взаимодействия

кочевого и оседлого мира.

Все вышесказанное говорит о непрерывности взаимодействия культур, что территория Западного Казахстана, в частности Мангыстау, через которую проходили миграционные пути еще в каменном веке, входила в зону контактов оседлых культур Парфянского государства, Передней Азии и Кавказа со степными кочевыми культурами Евразии в древности и средневековье.

После выступления других участников пленарного заседания конференция продолжила свою работу по 5 секциям, на которых было заслушано более 100 докладов из разных стран по различным проблемам истории, археологии, философии и литературы.

По завершении конференции ее участники приняли Благодарственное письмо Президенту Туркменистана. Кроме того, мы договорились о проведении совместных археологических экспедиции на территории Туркменистана, Казахстана и России. Проект соглашения находится на стадии подписания соответствующими сторонами.

Нам есть что рассказать друг другу, поскольку предложенная несколько лет назад Президентом нашей страны Н.А.Назарбаевым Государственная программа «Культурное наследие» дала мощный импульс по сохранению историко-культурного наследия Казахстана во всех сферах общественной жизни. Изучение и пропаганда памятников археологии важна для процесса формирования всесторонне развитой личности, воспитывает любовь к своему краю, не оставляет быть равнодушным к прекрасному, духовно обогащает людей, показывает взаимосвязь культур различных регионов, общность общечеловеческих культурных ценностей.

Ж.К.ТАЙМАГАМБЕТОВ, д.и.н., профессор



■ Тұғыр

Ана тілімнің ертеңі не болмақ?



□ Кафедра

Кітап – рухани байлық, қазына. Әрине келісеміз. Бірақ кітапқа мұндай бір жақты анықтама беру бүгінде кітап ғұмырына балта шабу болып табылады. Себебі, 21-ғасырда кітап – тауар. Белгілі мәдениеттанушы Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, әлемде кітап бизнесі пайда өкелу тұрғысынан төртінші орында екен.

КІТАП – ЕҢ ЖАҚСЫ СЫЙЛЫҚ!

Ой еңбегінің жемісі нақты материалдық дүниеге айналғаннан кейін белгілі бір шығынды қажет ететіні белгілі. Ал егер оның сапалы болғанын қаласақ, кітаптың арзан болуы мүмкін бе?

Адам алдымен өзінің физиологиялық қажеттіліктерін ойлайды. «Ораза, намаз тоқтықта» деген тегін емес. Рухани қажеттіліктер екінші кезекте бой көтереді. Бірақ, егер жастар құны 500 теңгенің ар жақ бер жағындағы қаржыны талап ететін кино премьераларын жібермесе, ал олардың бүгінде қандай жиілікте өтіп тұратынын ескерсек, ал сол жастарымыз айына екі жүз-үш жүз теңгеге кітап алуға жарамаса, сол ақшаның өзін кітап үшін қымбат деп санаса, мәселе экономикада емес, психологияда екенін айтпаса болмас.

Иә, Кеңес Одағы кезінде кітаптың арзан тұрғаны белгілі. Бірақ ол кезде таралымның миллиондаған данамен шығып, талай белестерді бағындырғаны бәрімізге аян және полиграфиялық материалдардың молшылығы мен арзан болғандығын да ескермеске болмас.

Ол заман өтті. Ал жастар өлі сол күнгі психологияны талғажау қылып жүр. Бірақ бұл кітап оқымаудың негізді себебі болмайтынын түсінетін кез жетті.

Еуропа елдеріндегі дүкендер жүйесі Рождество кездерінде кітап көптеп өтетінін мақтанышпен айтып жатады. Бұл негіз дәлелі? Демек, кітаптың Еуропада ең жақсы сыйлық мәртебесіне ие болғандығы. Бүгінде ақпарат таратудың түрлі әдіс-тәсілдері пайда болғанымен кітаптың орны бөлек. Бұған жоғарыдағы мысал да дәлел. Әйтпесе, дамыған ақпараттық технологиялар ошағы да Еуропа емес пе? Пушкинді Пушкин қылған, Абайды Абай еткен кітап екенін ұмытпайық. Олай болса, құрметті жастар, бір-бірімізге кітап сыйлауды үдіске айналдырайық!

Қырағи қызы

Бірде автобустың ішінде отырған шал мен оның немересінің әңгімесіне куә болдым:

- Аташка, расказажи мне сказку!

- Ал, балам тында. Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде...

- Нет! Мне русская сказка нужна.

- Што-о тебе сказать, я незнаю. Может про бауырсақ тебе сказать?

- Не бауырсақ, а колобок!..

Осылайша өзін еріксіз құлақ түрген алашұбар диалог бір жағынан қанымды қайнатса, бір жағынан аянышымды тұғызды. Аяғаным – тілді білмейтін үлкен кісінің өз ұрпағымен өзге тілде қиналып сөйлеуі. Ыза болғаным – үлкен кісілердің өз балаларына қазақ тілін үйрете алмауы. Иә, осындайларды көре отырып, тіліміздің көсегесі қалай көгерді деп қынжыламын. Егемендік алғанмызға 15 жылға жуық уақыт өтсе де, мойнымыздан құлдық қамытын сышырып, өзге тілді емес, өз тілімізді құрметтейтін кез келді емес пе? Ал енді болашағымыз мына бүлдіршін болса, ертен өзі ата болып, немересіне қандай ертегі айтар екен?! «Ел болам десен, бесіңді түзе» деді емес пе Мұхтар Әуезов. Бесіктен басталатын тәрбие, ананың ақ сүтімен бойға даритын ұлттық рух қана біздің тілімізді құтқарады деп ойлаймын. Бір кездері кеңес үкіметі арқасында орысша шүлдірлеп қалған ұрпақ бүгін билік басында.

Сондықтан да олар жанын қинап қазақ тілін үйренгісі келмейді. Кешегі парламент мәжілісінде қазақ тілінің мәртебесі көтерілуіне қарсы дауыс берген «Аты-қазақ, заты-орыс» бұл шіркіндер ұлт мәртебесін, ел болашағын ойлайтындар емес, өрине. Бүгінгі ішкен, жегеніне мәз, күні үшін күлмен қаққан «күлембайлар» ғой олар. Тілдің болашағы енді ғана тілі шығып, жан-жағына былдыр тілімен бақыт сыйлап жүрген балдырған бөбектердің қолында. Бүгінгі күні тілін қазақша шығарып, қазақ мектептерінде оқып жатқан қара көздеріміз билік басына келгенде бұл қиын мәселенің түйіні шешілер-ау! Десе де, қазақ балабақшасының аздығы, орыс мектептерінде қазақ тілі пәнінің өз деңгейінде оқытылмауы жүрегімізді ауыртады. Қазақтың қара баласының аздығынан емес, қазақтың өзі балаларын орыс балабақшаларына апаруынан. Мысалы, бір топта 25-26 бала болса, оның 40%-50% қазақтар. Иә, бұл ұрпақтың ана тілі «орыс тілі» болып қалыптасатынына күмән жоқ. Мемлекеттік тіліміз қашан қайырған қанатын жазып қияға ұшпақ? Қашан босағаны аттап, төрге озбақ? Егемендік алып, ес жиып, етек жинағалы біраз болса да, қазақ тіліміз өлі де өзге тілдің отаршылдық азабында. Есін жия алмай, мәңгірттікке айналып жатқаны сонша, көшедегі жарнамалар мен

мекемелердің маңдайшасындағы атаулар шала сөйлейтін «қазіргі қазақтың» тіліндей ала шұбар. Мысалы, орталық базардың жанында бадырайып тұрған «Жасыл базары» деген сөз тіл білегін әр қазақтың жүрегін ауыртып, сырттан келген қонақтардың мысқылына ұшырап тұрғанына үш жыл. О, тоба, о заманда бұ заман көкеніс базарын «көкбазар» деп атағанын естіп ем, «Жасыл базары» дегенді бірінші естуім. Одан әрі бір аттамай-ақ «Купи! Кондиционерлер» деген жарнамаға кезігесің. Үстіңгі жағына «көтерме бағамен бөлшектеп сату» деген шала қазақша жазылған. «Кондиционерлердің қосалқы бөлшектерін сатады екен ғой» деп ойлайсың. Мұндай Қарағандылық қойыртықтар туралы өзімізде ғана емес, республикалық теледидарларда және баспасөздерде айтылуда. «Ойпырмай,

ұят болды-ау, осыны жөн ікші» дейтін ешкім жоқ. Осының өзі рухтың әлсіздігін, рухтық сананың сілкінбегенін, тіл болашағына неміқұрайлылықты танытпайды ма? Ашына айтқан осы жан айқайымызды естір құлақ, ұғар сана болса, өрт ішінде шыбын жаны шырылдаған қазақ тіліміздің халіне жан ашып көмек қолын созар, бәлкім! Ана құрсағында сөбиін әлдилегендей тілімізді аялап, құрметтеп, бағалайық. Тілімізден айрылсақ, қазақ халқы үшін төуелсіздіктің құны қалмайды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «қазақ пен қазақ қашан қазақша сөйлескенше» тіліміздің тауы шағылып, «Олжалы жерде үлестен қағылармыз, ордалы жерде орыннан қағылармыз, жоралы жерде жолдан қағылармыз» (Ахмет Байтұрсынұв) анық.

Нүркен ТОҚАЕВ,
ҚазҰУ-дың студенті.

■ Алаштан қалған асыл сөз

БАЛА ТӘРБИЕСІ

Адам баласы басқа мақұлықтардан қандай ақылды, өнерлі болса, сондай осал, төзімсіз. Басқа жәндіктер ешбір жәрдемсіз, қарусыз жортып жүретін ыстық, я суықты адам баласы киім киіп, үй салып басын қорғайды. Тауықтың балапаны туысымен тамақ іздеп шауып кетсе, адам баласы берген тамақты әрең ішеді. Сондықтан адамның адам болуына көп күтім, көп тәрбие керек...

...Адам балаларына, жаратушы Аллаға, ұлтына һәм өзінен кейін өсіп-өнетін ұрпақтарына міндеті көп болғандықтан, тән тәрбиесі қанша керек болса, жан тәрбиесі сонша керек. Адамның аштан, отқа күйіп, суға түсіп өлмей адам болуына туған сағаттан бастап тән тәрбиесін жасау керек болса, жан тәрбиесін де сол мезгілден бастау керек... Бала тәрбиелеудің керектігін жұрт баяғыда білген. Бірақ әр халық әр уақытта әр түрлі түсінген. Мәселе, Мысыр халқы баланың шаруа шеберленуін

мақсұт қылған. Спарта халқы бала тәрбиелеуден мақсұт баланы өжет, жауынгер қылу деп түсінген. Біздің қазақ халқы да балаға тәрбиенің керектігін көп заманнан түсінулі. «Ұлын өссе, ұлы жақсымен, қызын өссе, қызы жақсымен ауылдас бол деген» ескі мақал. Бірақ біздің халықтың бала тәрбиелеудің негізін анық түсінбегендігі даусыз. Түсініп, дұрыстап орындаған болса, біз мұндай болмас едік.

Біздің халықта бала тәрбиелеудің негізі «Бетегеден биік, жусаннан аласа бол» һәм

«Көм бойыңды, жасыр ойыңды» болған. Дүниедегі адамнан басқа жәндіктер бір пайдаға асумен, қарумен құрметтеледі (Ат мініс берумен, сиыр сүт берумен деген сияқты). Адам баласы тек адам болғаны үшін ғана құрметтеледі (Қазіргі біздің сауда-сату заманында олай болмаса да, түбінде бір адам болған жердің құны бірдей болар...). Яғни басқа нәрселер тек мақсұтқа жеткізетін құрал болғанда адамның өзінің мақсұт болғандығы өңгіме адамның жанында, рухында болғандығы. Олай болса, адамның тәрбиесі тек тән тәрбиесі (көжеге тойғызу) болмай, жан тәрбиесі де болу керек. Жан тәрбиесі бір дүздеме болмай, нағыз екі бет болу.

Бұл бала тәрбиелеу хақында біз бүгін өңгіме қылып отырмыз. Грек халқы бұдан екі мың жылдай бұрын түсініп, педагогика дейтін ғылым шығарып, қолданып көрген. Бұл

біздің көп кенже қалған ғылымдарымыздың бірі ғой. Бала ақыл тоқтатып, есеймей тұрып-ақ көргенін істей бастайды. Бұлай болса, бала тәрбиелеудің негізі ата-анасында. Бірінші шарты ата-анасының балаға мүмкін қадір жақсы үлгі көрсетуге тырысуы. Екінші шарты - мезгілі жеткен (7 жасар) баласын бай жалшылармен бірге мал бақтырмай, кедей 8 айға 3 сомға жалаап, шай алып ішіп, іпін сипап үйде жатпай, өстіп құдайдан, баласынан, кейінгі ұрпағынан қарғыс алмай, баланы молдаға дін ғылымын үйренуге, ордаға дүние ғылымын үйренуге беру.

Сонымен баланы оқытқанда жеңіл жолмен бар мүшелерін бірдей тәрбиелеп, өзін білімді баланың кішкентай басына тыға бермей, жетелеп өзіне іздетіп, ақылын көмілдеп, ізгілікке жетелеп, жүрегін адалдап, жақсыға қызығатын, жаманнан жиіркенетін қылып, табиғатын жіңішкертіп шығару мақсұт.

М. Жаңа Байбақты
«Қазақ» газеті, 1917 жыл.



■ Алау

Жасампаз жастармен жаңарған Қазақстан

Тарих бізге тәуелсіздікті тарту етті. Басқаға жалғайтын күннен кетіп бар байлығымызды өзімізге ұйыратын еттік. Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне жеттік. Қазақ тарихында алтын әріпшен жазылатын елеулі оқиғалардың куәгері болдық. Ата заңымыз қабылданып, мемлекеттік рәміздер бекітілді. Қысқасы егемен ел болудың ең ауыр белесінен өттік. Осындай ұлы тарихи оқиғалар қазіргі замандас қазақ жастарының көз алдында өтті.

2007 жылы еліміз үшін мерейлі де мерекелі жыл болды. Қыран байрақты Қазақстан үшін жасампаздық пен жаңарудың өркендеу мен өрлеудің қарымды кезеңіне айналған тағы бір жылды тарихтың еңпісіне берлік. Тәуелсіз мемлекетіміз 2007 жылы өлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси-демократияландырудың жаңа сатысына қадам басып, өзінің өлемде еңселі ел ретіндегі беделін бекемдей түсті.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда ел басының асқақ армандарының, саяси саясатының арқасында өрлеу жас өзінің, өз бағытының ұстасы болуға мол мүмкіндік алып отырғанын айта кеткен жөн. Соның бір айғағы — «Қазақстан Республикасының Жастар саясаты туралы» Заңы. Онда ертеннің иелеріне — жастарға деген қамқорлық көрініс тапқан. Заң мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен дамытудың құқықтық негіздерін қалады. Онда жастардың өзін-өзі кешенді реттеу тетігінің жұмыс моделін қалыптастырып, экономикалық дамыту, еңбек және жұмыспен қамту, патриотизмді, салауатты өмір салтын қалыптастыру, халықаралық жастар ынтымақтастығын нығайту мәселелері кеңінен қарастырылды. Бүгінгі таңда мемлекеттік жастар саясаты

жаңа сапалы бағыт бағдарды қажет етеді.

Осындай мақсатпен, яғни жастар саясатын дамыту және мемлекеттік институттар мен үкіметтік емес жастар ұйымдарының сектораралық қызметестігін орнату мақсатында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2002 жылы «Қазақстан Жастарының Конгресі» Занды тұлғалар бірлестігі құрылған болатын. Бүгінде Конгреске өз қалауларына еліміздің 200-ге жуық жастар ұйымдары қосылу арқылы ол Қазақстан Республикасындағы ең үлкен жастар бірлестігіне айналып отыр. Қазақстан Жастар Конгресі бүгінгі таңда «Жасыл Ел», «Студенттік Құрылыс Жасақтары», «XXI ғасыр көшбасшысы», «Қазақстан Студенттерінің Альянсы», «Ұлттық Пікір Сайыс Орталығы», «Жастар Таңдауы», «Ауыл Жастарының Одағы» сияқты республикалық ұйымдарды және барлық облыстардағы балалар мен жастар ұйымдарының қауымдастықтарын бір шаңырақ астында біріктіреді.

Жастар мемлекеттің өсіп өркендеуіне үлес қосуда азаматтық ой-өрісі қалыптасқан біртұтас тың күшке айналып, қоғамдық-саяси, мәдени, ғылыми бағыттағы мәселелерді тізе қосып шешуді қолға алып отыр. Осы

тұста Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 16 жылдығына арналған «Жасампаз Жастардан Жаңарған Қазақстан» атты жастар ұйымдары көшбасшыларының Республикалық слетін ұйымдастыру жастар үшін маңыздылығы орасан зор болды. Бұл іс-шара тек жастар ұйымдарының ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар үшін де маңызды болуы тиіс. Себебі бұл жиын үлкен саяси маңызға ие. Оған дәлел ретінде 8-желтоқсанда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде өткен Республикалық слеттің салтанатты кешіне Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрі Ж.К.Түймебаевтың, Парламент Мәжілісі депутаттары Б.Тілеуханның, Е.Тайжановтың және Б.Сыздықованың қатысуын атап кетуге болады. Жансейіт Қансейітұлының құттықтау сөзі мен жастарды білім, ғылымға құлшындар баяндамасынан кейін, қазақ жастарының патриоттық сезімін көтерер Бекболат Тілеуханның баяндамасынан соң залда отырған рухтанған студент жастар тоқтамастан ұзақ уақыт қол соқты. Салтанатты кеш жастар саясатына зор үлес қосқан жас белсенділерді марапаттаумен және концерттік бағдарламамен жалғасты.



Біздің білім шаңырағымыздың жетістігі деп асқақтатып айтар оқиға желтоқсан айының 9-ы күні өткен Қазақстан жастар Конгресі Кеңесінің конференциясында болды. Бұл Эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті журналистика факультетінің 2007 жылғы түлегі Нұрлан Сыдықовты «Қазақстан жастар Конгресі» ЗТБ-нің атқарушы директоры ретінде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жастар лидерлерінің бірауыздан сайлауы. Осы Кеңесте «Қазақстан жастарының жеті қадамы» жалпыреспубликалық бағдарламасының бірінші нұсқасы қарастырылды. Бұл жерде нақты жүйелі жұмыстың бастамасын 14-тен 29 жасқа дейінгі жастардың дамуының жеті қадамын нақтылап, жастарды өз ішінде жеті топқа (оқушы, студент, жұмыспен қамтылған, жұмыссыз, әскери, ауылдағы, девиантты, маргинал және мүмкіндігі шектеулі жастар) бөлді. Бұл принцип үкіметтік емес ұйымдарды нақты жастар арасында топтастыру арқылы жұмыс істеткізуге бағытталған. Соған байланысты еліміздің барлық аумақтарында

кешенді өлеуметтік, тәрбиелік маңызы бар іс-шараларды өткізу қарастырылып отыр. Еліміздің барлық облыстарынан келген делегаттар ойларын түйіндеп, келесі жылға жоспарларын дайындауға үлкен ақпарат жинады десек қателеспіз.

Осындай еліміздің өркендеуіне ат салысып жүрген ұлтжанды азаматтардың қатарында жалындаған жастардың жүріі заңдылық. Жарқын болашақ табалдырығында тұрған кезеңде ел жастарына зор сенім артылуда. Себебі жастар қазіргі таңда қоғамымыздағы көкейкесті мәселелерді көтере отырып, ел өміріндегі ұлы өзгерістер мен реформалар, ауқымды бағдарламаларға қатысып, мәдениетіміздің өркендеуіне, берекелі елділімізбен бірлігінің нығайтуына зор үлес қосып келеді. Демек, сан ғасырлар ансаған тәуелсіз озық ойлы, жігерлі ұрпақпен кемелденіп нығая түспек.

Бақытжан Нарымбетов,
саясаттану факультетінің
1 курс магистранты,
«Жасыл Ел» Алматы қалалық
штабының жетекшісі

■ Студклуб

5 декабря, во Дворце Республики, состоялся финал «Открытой Лиги КВН» Республики Казахстан, где встретились команды КВН «Семь лет» Казахский Национальный Медицинский Университет, Сборная Кыргызстана, команда КВН «Температура плавления» г.Аксу и сборная команда КВН «СКЛ - КазГУград» Казахского Национального Университета им. Аль-Фараби.

В жюри, как всегда, заседали Аружан Саин, президент Казахстанского байк-клуба Дмитрий Петрухин, телеведущий Альбек Тастайбеков, певец Нурлан Абдуллин, генеральный директор телеканала «Алматы» Санжар Мустафин и журналист Рашид Гарипов.

Финал состоял из четырех конкурсов, конкурс «Приветствие», «Биатлон» (десять самых смешных шуток), «Озвучка» (команды должны были переозвучить какой-либо отрывок из известного кинофильма) и конкурс «Домашнее задание».

По всем конкурсам наши КВН-щики получили практически максимальные баллы. И перед «Домашним заданием» была небольшая уверенность, что мы уже Чемпионы, но боялись говорить

Дошутились...



вслух и радоваться преждевременно.

Полного признания зрителей и жюри, наши ребята добились своим выступлением в конкурсе «Домашнее задание», номер получил звание Лучшего в прошедшей игре. Постановка

«Казахский квартал в Америке» никого не оставил равнодушным и с результатом 16,3 балла мы, команда КВН «СКЛ - КазГУград» стала победителем.

На втором месте расположились

медики — команда «Семь лет» с 14,6 балла. Третьими стали соседи из Кыргызстана, а последнее, четвертое место досталось акуской «Температуре плавления».

После объявления результатов, все кинулись друг друга поздравлять, даже наши болельщики хлынули на сцену, чтобы разделить нашу радость.

Радость получилась двойной, первое ребята как победители поедут в январе нового года на Международный фестиваль команд КВН в г. Сочи и второе мы были Чемпионами Казахстана 2006 года и в этом году повторили наш успех.

Сборная команда КВН «СКЛ - КазГУград» Казахского Национального Университета им. Аль-Фараби - Чемпион «Открытой Лиги КВН» Республики Казахстан 2007г.

P.S.

Действительно, Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби является номером один в Казахстане, наш университет первый во всем, даже в юморе.

Мади Амерханов,
руководитель КВН



■ Университет тарихы

Факультет түлегі – БАҚ-тың жүрегі

Естеріңізде болса, бұған дейін бұл айдарға университеттің құрылғанынан бастап, биология, химия, филология факультеттерінің тарихын жазып шыққан болатынбыз. Ендігі кезек журналистика факультетіне келіп тұр. Төменде осы факультет туралы сыр шертпекпіз.

Бүгінгі қоғам БАҚ-ты төртінші билікке жатқызады. Ендеше бұл саладағы мамандардың білікті де білімді болуы абзал. Қазақстандағы журналист мамандарын кәсіби тұрғыда даярлау 1934 жылдан бастау алады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі бұл факультеттің ұзақ жылдық тарихы мен тәжірибесі бар. Сондықтан болар бүгінде аталған факультет ТМД кеңістігінде ғана емес, сонымен қатар әлемдік ғылыми қауымдастықта да өзіндік бағасын алып отыр. Факультет бүгінге дейін 16 мыңнан астам түрлі бұқаралық ақпарат құралдарының жоғары кәсіби мамандарын даярлап шықты. Факультет түлектері ішінде еліміздің аса көрнекті тұлғалары Қ. Сұлтанов, М. Құл-Мұхаммед, Е.Бекхожин, С.Әбдрахманов, Ж.Кенжалин және т.б., атап өтуге болады.

Журналистика факультеті өтпелі кезеңнің қиындығына қарамастан өзінің баға жетпес әлеуетін - профессорлық-оқытушылық құрамын, оқу базасын сақтап қана қалған жоқ, сонымен қатар одан әрі байытып бекіте түсті.

Факультет деканы - филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып Әміржанұлы.

Факультетте жоғарғы білімді оқытушылар, БАҚ саласындағы белгілі ғалым-практиктер, 10 доктор, 30-дан астам ғылым кандидаттары қызмет етеді. Оқытушылар Германия, Болгария,

Түркия, Қытай және өзге де мемлекеттерде өткен конференция, семинарларға жиі қатысып тұрады. Бакалавриат және магистратура жүйелері әлемнің алдыңғы қатарлы білім сапаларына сай. Факультеттегі телерадио және фото студиялары, баспа лабораториясы, компьютер кластары – мамандыққа баулыр алғашқы баспалдақтар. Журналистика тарихы, баспа ісі және редакциялау, мерзімді баспасөз, халықаралық журналистика, БАҚ менеджменті және жарнама, телерадио-журналистика, журналистика және бұқаралық коммуникация бойынша ЮНЕСКО кафедралары бар. Факультеттегі Мұхамеджан Сералин атындағы бірлестіктің белсенді жұмысын атап өтуге болады. Жоғарыдағы бірлестік ұжымының жемісі - «Жасын» қабырға газеті де студенттердің жазу шеберлігін арттырып, өз үлесін қосуда. Факультет «ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы» және «Отандық журналистика тарихынан» ғылыми жинақтарын шығарып келеді.

Жуырда факультетке қойылған үш арыстың бейнелері сомдалған ескерткіш те болашақ БАҚ мамандарын ұлт мүддесіне қызмет етуге шақырып, Әлихан, Ахмет, Міржақыптардай қаламы қарымды алаш азаматтары деген атқа лайық болуға үндейді.

(жалғасы келесі санда)

■ ҚазҰУ қыраны



ЕРАЛИН САЛАМАТ ХАМИТҰЛЫ

Туған жылы: 1985 жылы 28 қыркүйек

Туған жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Білімі:

лингвистикалық гимназияның түлегі, қазірде Халықаралық қатынастар факультетінің 3 курс студенті

Жетістіктері:

2002 жыл: қалалық оқушылар ақындық айтысының бас жүлдегері; Облыстық оқушылар пікір-сайысында ұздік спикер, қазақ тілі мен әдебиетінен облыстық олимпиаданың жүлдегері;

2004 жыл: «СКЛ ҚазҰУ-трад» командасы құрамында Қазақстан чемпионатының бас жүлдегері

2006 жыл: Университет көлемінде өткізілген «Жастар және ғылым» атты 60-ғылыми конференцияның 1 орын иегері;

2006-2007 жж. UCRAD бағдарламасы бойынша (IREX) грант иеленіп Солтүстік Каролина штатында Lees-McRae колледжінде оқыды;

2007 жылы 3-6 қаңтарда Колумбия округі Вашингтон қаласында БҰҰ симуляциялық конференциясына қатысушы;

Факультетте «Қозы мен Баян» күніне арналған қазақ ағылшын тілінде өткен театрландырылған кештің ұйымдастырушысы (Қозы бейнесін сомдады);

Қызметі:

курс старостасы, жатақханадағы Студенттер Кеңесінің белсенді мүшесі

Жоспарлары: Білімін одан әрі дағыдау, магистратураға түсу!

Мақсаты:

Сыртқы Істер Министрі болу. Халқына адал қызмет ету.

Отбасылық жағдайы:

үйленбеген

Қызығушылығы:

музыка, сырнай, домбыра, гитарада ойнау; футбол, үстел теннисі, шахмат, бильярд, гольф.

■ ҚазҰУ қызғалдағы

МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

■ Фотоэтиюд

Бал бұлақтай бір тұныл
Жүрегіме сыр жалғап,
Көз алдымда құлпырып,
Құбыласын, қызғалдақ

Нұрың газжап құлпырған
Алаулайсын, қызғалдақ.
Желге қарсы ұмтылған
Жалаудайсын, қызғалдақ!

Еркеш ИБРАҒИМ



Әйгерім ЕЛУБАЕВА,
география факультетінің
3-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ – ректор;
Н. ОМАНШҰЛЫ – проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП – декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА – “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
Ғ.СЕРІМ – студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;
Бөлім меңгерушілері – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ, Уәли ҚЫДЫРОВ;
Кезекші редактор – Жанат ҚАСЫМБЕКОВА;
Көркемдеуші-беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;
Фототілші – МАМЫРЖАН;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Бизнес – Информ» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Төле би к-сі, 108.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс 91

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтырылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.